

Жер салығының базалық ставкаларын түзету туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Төлеби аудандық мәслихатының 2012 жылғы 28 қыркүйектегі № 9/48-V шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысы Әділет департаментінде 2012 жылғы 2 қарашада № 2121 тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Төлеби аудандық мәслихатының 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 38/179-V шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Төлеби аудандық мәслихатының 23.12.2014 № 38/179-V шешімімен.

«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» (Салық кодексі) 10 желтоқсан 2008 жылғы Қазақстан Республикасы Кодексінің 387 бабы 1-тармағына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 23 қаңтар 2001 жылғы Қазақстан Республикасы Заңының 6 бабы 1-тармағының 15) тармақшасына сәйкес аудандық мәслихат

Ш Е Ш І М **Е Т Т І :**

1. Қазақстан Республикасы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» (Салық кодексі) Кодексінің 378, 381, 383 баптарымен бекітілген жер салығының базалық ставкалары:

1) ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге салынатын базалық салық
с т а в к а л а р ы - 3 0 п а й ыз ғ а ;

2) елді мекендердің жерлеріне (үй іргесіндегі жер учаскелерін және автотұрақтарға (паркингтерге), автомобиль май құю станцияларына бөлінген (бөліп шығарылған) жерлерді қоспағанда) салынатын базалық салық ставкалары - 30 пайызға, Ленгір қаласының жерлеріне салынатын базалық салық ставкалары - 5 0 п а й ыз ғ а ;

3) елді мекендерден тыс орналасқан өнеркәсіп жерлеріне салынатын базалық салық ставкалары - 50 пайызға жоғарылатылсын.

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихаттың хатшысы

Ә.Шыңғысбаев